

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

**РЕАЛИЯ СӨЗДЕРДІ АУДАРУДЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ
(ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВТЫҢ «ЖӘМИЛӘ» ШЫҒАРМАСЫ НЕГІЗІНДЕ)**

Төлеубаева Ақнұр Мұхитқызы

aknur.87@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Аударма ісі» мамандығының докторанты, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекші – ф.ғ.д., профессор Муратова Г.А.

Соңғы жылдары тілаларлық және мәдениетаралық қарым-қатынас мәселелері өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Шетел тілдерін оқытудың қазіргі әдістемесі тек қана тілді меңгеруді емес, сонымен қатар үйреніп жатқан тілдің мәдениетімен, ұлттық ерекшеліктерімен таныс болуды көздейді. Осыған орай аударматануда өзекті мәселелер туындайды.

Тіл – халық мәдениетінің айнасы. Ұлттық нақыш пен мәдениетті тасушы сөздер – реалиялар. Олардың саны мен құрамы әрдайым өзгеріс үстінде. Кей жағдайларда реалия сөздер тілге кірігіп, басқа мәдениеттің реалияларына айналады. Бұл ғылымның, техниканың, медицинаның, мәдениеттің қарқынды дамуы мен мемлекеттердің әлеуметтік-саяси құрылымындағы өзгерістерімен тығыз байланысты. Осыған орай, әр мәдениеттегі реалия сөздерді қарастыру және оларды дұрыс аудару мәселесі тұр.

Ұлттық-мәдени ерекшелікті тасымалдау мәселесі мен өзге тілдегі бастапқы мәтіннің қайталанбас нақышын сақтап қалу мәселесі аудармашылардың алдында әрдайым өзектілердің бірі болды. Аударып жатқан тілде “жат реалияларды” жаңғыртумен байланысты мәселелер де өте күрделі, сонымен қатар, талқыға аз салынған сұрақтардың бірі.

Мәдениетаралық қатынастардың ұлғаюы мен көпмәдениетті өркениеттің жаһандануы әрбір халықтың тілінде ұлттық-мәдени аспектіде ғана емес, салыстырмалы-аудармашылық аспектіде де кездесетін мәдениет элементтерін зерттеу қажеттілігі туындайды. Қазіргі жаһандану заманында мәдениетаралық қарым-қатынастардың кеңеюіне байланысты жер жаһанды Орта Азия халықтарының мәдениетімен, салтымен таныстыру үрдісі қарқынды дамуда. Бүгінгі таңда Шыңғыс Айтматовтың шығармалары мен жазушының атымен шығатын журнал Еуропада кең сұранысқа ие. Отандастарымыздың көмегімен ашылған Шыңғыс Айтматов академиясы жемісті қызмет етуде. Осы академияның атқаратын жұмыстар шеңберінде қазақ-қырғыз халқының мәдениетімен Еуропа халықтарын таныстыру жұмысы жүргізілуде. Осыған байланысты Лондонда өтетін жыл сайынғы “Шыңғыс Айтматов сыйлығы” әр мемлекеттің жазушыларының басын қосады. Сондықтан жазушының шығармаларына түпкілікті талдау жасау қазіргі уақытқа дейін маңыздылығын жоғалтпаған.

Қазақ – қырғыз, бұл екі ұлттың ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи-мәдени, әдет-ғұрып, салт-санасы өте тереңде жатыр. Патша үкіметінің Қазақ даласына жіберген экспедицияларының еңбектерінде (мәселен Красовскийдің) екі ұлтты киргиз-қайсақ деп атап көрсеткен. Бұрыннан қалыптасқан қазақ-қырғыз қарым-қатынасы шынайы достықтың, яғни туыстықтың белгісі ретінде қалыптасқан. Мәселен, Қазақ халқының дәстүрлеріне келсек, үйлену той, ат жарыс, көкпар қырғыз халқының салт-дәстүрлеріне өте ұқсас болып табылады. Тарихи деректерден алсақ, қазақтың ұлы ақыны Жамбыл мен қырғыздың ұлы ақыны Құлмамбет арасындағы айтыс екі халықтың арасындағы ұқсастықты, жоғарғы деңгейдегі мәдениеттілікті көрсетеді. Патша үкіметінің бұратана халық киргиз-қайсақ деп кемсіте қараса да, Алатаудың баурайын жайлаған екі елдің құдалығы, туыстығы мәңгілік. Сонымен қатар, сол ұлылар салған ұлы жол күні бүгінге дейін жалғасып, қай саладан болмасын өзінің жетістігін көрсетіп жатыр.

Жоғарыда айтып кеткендей осы ғылыми жұмыстың негізі - ұлы жазушы Шыңғыс Төреқұлұлы Айтматовтың шығармасы - «Жәмілә» повесі. Бұл повесті қазақ тіліне аударуға жазушының досы Қалжан Нұрмахановтың еңбегі зор. Ал ағылшын тіліндегі аударма жайлы

айта кететін болсақ, біз 2002 жылғы аударманы алдық. Бұл аударма Фаина Глаголева (Fainna Glagoleva) атты ресей аудармашысымен жасалған. Бұл шығармада автор екі халықтың өкілдері Жәмілә мен Данияр арасындағы сүйіспеншілік махаббат әсем де, нәзік сипаттаған. Мұнда екі жастың арасындағы махаббатты ғана суреттелді десек, үлкен шығарманың мән-маңызын, жалпы бағасын біраз төмендеткен болар едік. Жазушы бұл шығармада халықтың соғыс кезінде тарқан азабын, өмірдің ауыртпашылығын, сонымен қатар салт-дәстүрді, қарапайым жандардың ізгілікке толы кең жүрегін, асыл адамгершілік қасиеттерін ашып, керемет шығармашылықпен суреттеді деп айтуға болады.

Этнографиялық реалиялар – халықтың тұрмыс салтын, рухани және материалды мәдениет түсінігін, діни наным-сеімдерді, өнер түсініктерін біріктіреді. Бұл реалияларды анықтау барысында халықтың өмір салтына, мәдениетіне аса көңіл аударған жөн.

Біз талдауға салып отырған шығармалардың ішінде этнографиялық реалиялардың көптеген атаулары кезеседі. Жоғарыда айтылған шығармаларда этнографиялық реалиялардың кездесу шамасына қарай біз оларды үш топқа жіктедік:

1. тұрмыс реалиялары
2. діни-мистикалық реалиялар
3. салт-дәстүрді, мерекелерді атайтын реалиялар

Әрбір топтың өзіне тән ерекшелігі бар. Кейбір жағдайларда тіпті дін мен салт-дәстүрге жататын реалия сөздердің ара жігін ажырату сәл қиындықтар туғызады. Себебі олар негізінен бір-біріне мағынасы жағынан өте жақын болып, күделікті өмірде де біте қайнасып, әрқашан қатар жүреді. Алайда, шығармаларды оқу барысында оқырма сол тілде сөйлейтін халықтың салтымен, өмір сүру ерекшеліктерімен таныса отырып, оларды ажыратуға мүмкүндік алады. Шыңғыс Айтматовтың шығармаларында кездесетін этнографиялық реалиялардың әрбір жеке тобына мысалдар келтіріп, талдау жүргізіп өтсек.

Тұрмыс реалиялар қатарына біз белгілі-бір ұлттың тұрмысына тиісті сөздерді енгіземіз. Оның ішінде тағамдар, сусындар, ыдыс-аяқ, киім-кешек, көлік, үй жасауларын енгіземіз. Тұрмыс реалиялардың қатарына халықтың күделікті тұрмыс тіршілігіне қатысты басқа тілде баламасы жоқ, яғни өзге елдің тұрмысында қолданылмайтын барлық сөздерді енгіземіз. Төменде Шыңғыс Айтматовтың «Жәмілә» шығармасынан алынған тұрмыс реалияларына қысқаша талдау жасап өтсек:

Міне, өстіп қаңсыған дала орақтың қызуынан өртеніп тұрған күндердің бірінде, станцияға қатынап жүріп, көптен бері үйді көрмей, бара кетейін деп, салт арбамды жолдан бұрдым [1].

Driving my empty trap back from the station on one such scorching day, when our scythes seemed red-hot from reaping, I decided to stop off at home [2].

Осы мысал төңірегінде қарастыратын болсақ, біріншіден, салт арба дегеніміз Орта Азияда қолданылған екі дөңгелекті көліктің түрі. Берілген сөз тіркесінде арбаның бос екендігі меңзеледі. Сондықтан да аудармашы аударма барысында калька әдісін қолдану арқылы осы сөз тіркесіндегі арбаның нақты бос екендігіне назар салып, дәлме-дәл аударма жасады. Берілген реалия сөздің түпнұсқада беріліп тұрған мағынасының ешқандай ауытқусыз берілгендігін байқай аламыз.

Келесі мысалды қарастыратын болсақ, берілген мысалда бірден екі реалия сөзді байқауға болады:

Биіктігі үш кез дуалы мықтап салынған, өткел жақтағы төбешікте тұрған бау-бақшалы қоралар осы біздікі [1].

At the very end of the street, on a hillock near the ford, are two houses with a stout adobe wall around them and tall poplars growing beyond the wall [2].

Мысалдан көріп отырғанымыздай, дуал және қора сөздері реалия сөздер ретінде беріліп отыр. Бірішіден «дуал» сөзіне тоқталып кететін болсақ, дуал сөзі көбінесе Орта Азияны мекендейтін халықтардың тұрмысына сай реалия сөз. Дуал сөзі саз балшықтан жасалған, үйдің ішкі ауласын көшеден, не даладан бөліп тұратын құрылыс мағынасын береді. Бұл құрылыс бай үйлердің де, кедей үйлердің де, ал тіпті кейде барлық елді мекеннің сыртынан

қоршалып тұрғызылады. Бұл құрылыс саз балшықтан жасалғандықтан, ол арқылы ауланың ішінде не болып жатқанын көру мүмкін емес. Аудармашы дуал сөзін аудару кезінде сипаттау әдісін қолданған. Яғни «adobe» сөзі арқылы қабырғаның қандай материалдан жасалғанын сипаттап көрсетеді. Яғни, оқырман аударманы оқи отыра қабырғаның қасиетін байқай алады.

Екіншіден, сөйлемдегі келесі мысал «қора» сөзіне назар аударатын болсақ, қора сөзінің бастапқы мағынасы – үй жануарлары, яғни малды ұстап, күтетін орын. Қорада ұсталынатын малдың түріне байланысты оның құрылысы да әр түрлі болып келеді. Қора сөзінің екінші бір мағынасы – үйдің ауласы деген мағынаны береді. Біздің ойымызша, берілген шығармада (бұл мысал Шыңғыс Айтматовтың «Жәмила» повесінен алынған) Жәмиланың қайын інісі қоралар деп олардың отбасылары тұрып жатқан үй жайды сипаттайды. Біздің ойымызша шығармада үй-жайлардың бау-бақшасы бар деп айтылғандықтан «қора» сөзі біз жоғарыда көрсеткен екінші мағынасында қолданылған. Бұл мысалда аудармашы «қоралар» сөзін «houses» деп жалпылама аударған, яғни бұл жерде гипонимиялық әдісті қолданған.

Қарындасым онда тұлымшағы салбырап ойнап жүрген кішкентай қыз болатын [1].

My little sister, funny girl, with braids tied with strings, helped her [2].

Жоғарыда көрсетілген мысалдан «тұлымшақ» сөзі реалия есебінде тұр. Тұлымшақ сөзі қазақ және қырғыз халықтарының тұрмысында ежелде пайда болған сөз. Берілген сөздің мәні - қыз бала бір жасқа толған уақытында оның шашын алып, екі шекесіне екі шөкім шаш қалдырып, оны ары қарай өсіреді. Ол – «тұлым шаш» немесе «тұлымшақ» деп аталады. Тұлымшақты көбінесе «көз тимесін, қызымыз әдемі де, көрікті болып өссін», – деген ниетпен өсіреді. Қыз балаға тұлымшақ өсіргеннен кейін шашын алмай, шашы жетіліп өскенінде тұлымын соған қосып өріп, әсемдейді. Тұлым, тұлымшақ қыз баланың көркіне көрік қосып, оны одан әрі сұлуландырып, құлпыртады. Тұлымды қыз бала өте сүйкімді көрінеді. Берілген реалия сөзді аудармашы, біздің ойымызша адекватты түрде аударған. Аудармашы бұл жолы сипаттау әдісін қолдана отырып, тұлымшақтың сипатын көрсеткен [3,110]. Себебі тұлымшақ көбінесе бұрымға қосылып өрілген және оны әр түрлі моншақтармен, түрлі түсті жіптермен әшекейлеген. Жоғарыда біз тұлымшақ қойылған қыз баланың тіпті қандай сүйкімді болатынын да айтып кеткен болатынбыз, соға орай аудармашы “funny girl” сөз тіркесін қолданып, қыз баланың образын одан әрі көркемдетіп сипаттайды.

Төмендегі мысалда да сол бір тұлымшағы салбыраған сүйкімді қыздың ауыр соғыс жылдарында ұлдары майданға аттанған шешесінің көңілін алдап, барынша көмек көрсетіп жүрген, сол кішкентайдың күнделікті тұрмысын сипаттайтын мысалдардың бірі.

Екі үйдің қозы-лағын баққан да, тезек теріп, отын әкелетін де, балаларынан хабар жоқ апамның қайғы-мұңын жеңілдеткен де сол [1].

It was she who took the lambs and calves of both houses to pasture; it was she who gathered dung and dry branches, to always have a supply of fuel in the house [2].

Бұл мысалда ауылды жерде тұратын ағайындардың күнделікті тұрмыс тіршілігі бейнеленеді. Біріншіден, бұл сөйлемде «тезек» сөзі реалиялар қатарына ілініп отыр. Оның білдіретін мағынасы - от жағуға қолданылатын отынның түрі. Тезек, ірі қара малдың кепкен нәжісінен жасалады, ал көбінесе оны ешқандай қайта өңдеуден өткізбей, сол кепкен күйіде қолдана береді. Ауылды жерлерде пеш жағуға тезек өте жиі қолданылады [4]. Тезек реалия сөзін аудармашы калька әдісін қолдана отырып аударған. Яғни бұл аудармада аудармашы тікелей аудару арқылы тасымалдаған. Егер сөйлемнің соңындағы “to always have a supply of fuel in the house” деген бөлік болмаған жағдайда бұл аударма әдісін қолайсыз деп санаған болар едік. Себебі “dung” сөзі «тезек» сөзінің нақты мағынасын ашпайды. Тезек – от жағу үшін пайдаланылады, ал оны “dung” деп аударатын болсақ, оны біз бақшада өсімдік отырғызуға да пайдаланған болар едік. Осы жерде аудармашының дұрыс шешімі бойынша «тезек» сөзінің ақты мағынасы сөйлемнің соңғы бөлігі арқылы беріліп тұр.

Бұл мысалдағы келесі реалия «отын» сөзі. Жылу энергиясын алуға қолданылатын жанғыш заттар. Агрегаттық күйіне қарай – қатты, сұйық және газ тәрізді, жаратылысы бойынша – табиғи және жасанды отын деп ажыратылады. Табиғи отындарға қазынды

көмірлер (антрациттер, тас және қоңыр көмірлер), мұнай, газ, жанғыш тақтатастар, торф, ағаш, өсімдік қалдықтары жатады. Оқиға ауылды жерде орын алғандықтан, біздің білуімізше, отын сөзінің астарында ағаш қалдықтары мағынасы жатыр. Отын сөзін аударуда аудармашы сипаттау әдісін қолданған. Бұл аударманы адекватты деп сануға болады. Себебі отын үшін құрғақ ағаш бұталары қолданылады. Ал олар дымқыл болға жағдайда от тұтанбайды. Сондықтан аудармашы бұтақтардың нақты құрғақ екенін сипаттай отырып тасымалдаған.

Тамның бұрышын қамшымен бір тартып, тұлымшағы жалбырап, кішкентай қолымен кидан жапа істеп жүрген, маған қуанышпен күле қараған қарындасыма да онша назар аудармай, дәлізде тұрған шойын құмғанды алып шығып, қолымды жуып, екі қолтығыма сұрттім де, дереу үйге кіріп, ә дегенде бір кесе айранды сіміріп салып, екіншісін терезенің алдына апарып, нан турап жедім [1].

I lashed at the corner of the house, raising a cloud of dust, and strutted towards the door without even returning my sister's smile. She was making dung cakes for fuel in the yard, slapping them against her palms. At the entrance I squatted and slowly washed my hands, pouring the water from a pitcher. Then I entered the room, drank a sour milk and set a second cup on the window-sill, crumbling a chunk of bread into it [2].

Жоғарыдағы мысалда кейіпкерлердің көңіл күйлері шебер суреттелгені айта кеткен жөн. Кішкентай қыздың анасына қолқанат болып жүргеніне мәз болған кейпі және оған назар аудармай, қабағынан қар жауып тұрғандай ағасының көңілі мен іс-әрекетінің егжей-тегжейін автор нақтылап, шебер суреттейді. Бұл мысалда көрсетілген бірінше реалияға назар аударып кетсек. Бірінше кезекте тұрған реалия сөз «там» сөзі. Түпнұсқа тілінде там саз балшықтан немесе тастан салынған үйдің түрін білдіреді. Бергілген реалияны аудармашы гипонимия әдісі арқылы аударып отырып, жалпылама үй деген мағына беріп отыр. Біздің ойымызша «там» реалия сөзін сипаттау арқылы аударған жөн. Себебі көшпелі халықтарда там сөзі үй деген мағынаны білдіргенімен, нақтырақ, ол саз-балшықтан жасалған үй, яғни киіз үйге қарағанда мықтырақ деген мағынаны берген. Сондықтан да «там» сөзін «adobe house» деп аударуға да болады.

Мәтін – мәдениетаралық кеңістікте маңызды орын алады. Себебі мәтінде ұлттың мәдениетін, тұрмыс-салтын білдіретін лексикалық бірліктер - реалиялар бар. Реалия сөздер – айтылым құралының негізгі категориясы: бір халықтың өміріне тән, екінші халықтың өміріне бөтен, объектіледі атайтын сөздер. Ұлттық-спецификалық реңкі бар, ерекше лексикалық бірліктер бола отырып, реалиялар жергілікті және уақыттық нақышты білдіру үшін көркем әдебиеттерде қолданылатын айқын құралдардың бірі болып табылады. Реалия сөзіне анықтама беру барысында оны басқа ұқсас лексикалық бірліктерден айырмашылықтарын айқындау өте маңызды. Осы мақсатта біз «баламасыз лексика», «термин» және «реалия» ұғымдарының өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтарын қарастырдық. Баламасыз лексика қатарына аударма тілінде жартылай баламасы немесе толық баламасы жоқ бірліктер кіреді. Ал реалиялар қатарына ұлттық және тарихи нақышты білдіретін, яғни әр түрлі тарихи фактілермен, мемлекеттік құрылыммен, географиялық ортаның ерекшеліктерімен, белгілі бір халықтың тұрмысы мен мәдениетімен тығыз байланысты лексикалық бірліктер енеді. Осылайша баламасыз лексика және реалия ұғымдарының айырмашылығын баламасыз лексика екі тілдің жазықтығында қарастырылса, реалия сөздер барлық тілдер үшін әмбебап болатындықтан да ажырату өте маңызды.

Реалияларды аудару ерекшеліктерін зерттеу барысында аудармашының алдында туындайтын екі негізгі мәселені қарастырып, оларды ең тиімді шешу жолдарын ұсындық. Реалияларды аудару барысында аудармашының алдында екі негізгі мәселе туындайды:

1. Реалияны атайтын референттің аударып жатқан тілде сөйлеуші халықта болмауы себебінен, аударып жатқан тілде реалия сөздің баламасының болмауы.

2. Реалияның заттық мағынасымен қатар (семантика), оның нақышын (коннотация) – ұлттық және тарихи реңкін аудару қажеттілігі.

Қарастырылған әдебиеттердің арасында осы туындайтын екі мәселенің нақты шешімі жоқ. Әрбір автор өзіндік шешу жолдарын көрсетеді. Отандық және шетелдік авторлардың тұжырымдамаларына сүйене отырып, бұл мәселені шешуде негізгі үш жолды белгіледік:

1) Реалияны түпнұсқа мен аударма мәтіндерінде ұғыну, яғни мәтінде кездесетін реалиялық бірліктерді дұрыс айқындау.

2) Реалияларды заттық, уақыттық және жергілікті сипатына қарай топтарға жіктей білу.

3) Реалияларды аудару әдістерінің қолдану ерекшеліктерін толық қарастырып оларды оңтайлы таңдай білу.

Реалияны ұғыну – аударма тіліндегі мәтінде оқырманның реалияны түсіну деңгейі. Мұны жеті топқа бөліп қарастырдық. Реалияны енгізу екі жақты шартталған: бір жағынан оның түпнұсқада алатын орнына байланысты, яғни автордың реалияны ұғынуы, екінші жағынан оның мағынасын ашу үшін аудармашының қолданылатын құралдарына байланысты. Әр шешімді аудармашы реалияның алатын орнын және оның жан-жақтағы сөздік айналасын мұқият қарастырғаннан соң қабылдауы қажет.

Шыңғыс Айтматовтың шығармаларын талдау негізінде ұлттық-мәдени реңкке боялған бірліктерді олардың адекватты түрде берілуін қамтамасыз ететін арнайы оңтайлы аударма әдісін қолдана отырып, аударма тілінің құралдары арқылы адекватты түрде беруге болатынына көзіміз жетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ш. Айтматов. Жәмілә. Повестер. – Алматы: Атамұра, 2005. – 312 б.
2. Chingiz Aitmatov. Jamila. Translated by Fainna Glagoleva. 2002
3. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: DPS, 2011.
4. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005.

УДК 811.161

ПОЛИТКОРРЕКТНАЯ ЛЕКСИКА И ОСОБЕННОСТИ ЕЕ ПЕРЕВОДА

Тынарбай Жазира

Студент специальности «Переводческое дело» ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана,

Казахстан stephany.e@mail.ru

Научный руководитель – Сагадиева З.М.

В современном языкознании большое внимание уделяется лингвистическим изменениям, произошедшим под влиянием социальных, культурных и других факторов окружающей действительности. Язык рассматривается не как неизменное целое, но как живой организм, чутко реагирующий на происходящее в обществе. Из всех научных дисциплин когнитивная лингвистика рассматривает язык с точки зрения его связи с восприятием человеком окружающей его действительности, его постижением и пониманием мира. Лексические и грамматические явления тем самым неотделимы от понятийной картины мира носителя, и любые изменения в ней находят своё отражение в языке.

Язык неразрывно связан с культурой, традициями и менталитетом его носителей, и отражает процессы и явления, происходящие в обществе. Ярким примером такой связи могут служить изменения понятийной картины мира носителей английского языка, произошедшие под влиянием мощного культурного, социального и языкового феномена, получившего название политической корректности.

Согласно С.Г. Тер-Минасовой, политическая корректность языка выражается в стремлении найти новые способы языкового выражения взамен тех, которые задевают чувства и достоинство индивидуума, ущемляют его человеческие права привычной языковой